8D01501 – «Физика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Арымбеков Бекен Сағатбековичтің « Жалпы білім беретін орта мектепте физиканы оқытуда толықтырылған шынайылық технологиясының модельдерін әзірлеу және қолдану» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Еліміздің экономикасының технологиялық жаңғыруы, энергетикалық қауіпсіздігі және инновациялық қоғамды қалыптастыруда білім беру жүйесінің рөлі айрықша. Осы контексте заманауи технологияларды қолдану арқылы сапалы оқыту ерекше маңызға ие, себебі пәннің мазмұнындағы күрделі ғылыми түсініктер мен құбылыстарды оқушыларға терең меңгерту үшін жаңа педагогикалық тәсілдер қажет. Толықтырылған шынайылық технологиясы – абстрактілі физикалық құбылыстарды көзге көрінетін, қолжетімді әрі ынталандырушы форматта түсіндіруге мүмкіндік беретін тиімді құрал.

Арымбеков Б.С. ұсынған диссертациялық жұмыс қазіргі білім берудегі цифрлық технологиялардың дамуына, мектептегі физика сабақтарын заманауи әдістермен жаңғыртуға тікелей бағытталған өзекті ғылыми зерттеу. Диссертацияда қойылған мақсат нақты, логикалық жағынан негізделген және зерттеу міндеттерімен толық сәйкестендірілген. Толықтырылған шынайылық технологияларын оқыту үдерісіне енгізу әлемдік білім беру ғылымында кеңінен зерттеліп жатқан бағыт болса да, Қазақстан мектептері жағдайында, жергілікті оқу бағдарламалары мен оқушы ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелік модельдердің ғылыми негізделген түрде жасалуы өте маңызды.

Диссертациялық жұмысын жүргізу барысында ізденуші Арымбеков Бекен жалпы білім беретін орта мектептегі физика пәнін оқытуда толықтырылған шынайылық технологиясын қолдану үдерістерін кешенді түрде зерттеді. Ұсынылған зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – толықтырылған шынайылықты қолдануда технологияның қабылдау моделі, тапсырмаға сай технологияның үйлесімділік моделі, сонымен қатар технологияны қабылдау мен қолданудың бірыңғай теориясы негізіндегі моделін жасақтауында. Физика пәнін оқыту барысында қолданылған толықтырылған шынайылық технологиясы оқушылардың ынтасы мен

академиялық үлгеріміне оң ықпалы педагогикалық экспериментте нақты көрсетілген.

Алынған нәтижелер физикадағы күрделі ұғымдарды айқын бейнелеу арқылы оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға, пәнаралық байланыстарды күшейтуге және оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық-педагогикалық құзыреттерді жүйелі түрде нығайту, сабақ жобалау, бағалау және рефлексия жүргізу мәдениетін жетілдіру тұрғысынан да жұмыс маңызды үлес қосады.

Жүргізілген зерттеулер жоғары ғылыми деңгейде орындалған және беделді ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар мен халықаралық конференцияларда жасалған баяндамалар арқылы кеңінен апробациядан өткен, атап айтқанда Scopus және Clarivate Analytics халықыралық ғылыми жарияланымдар дерекқорланында индекстелген 3 мақала және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 9 ғылыми мақала жарияланған.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Арымбеков Б.С. өзін жүктелеген міндеттерді дербес шеше алатын, бастамашыл әрі білікті ғалым ретінде өзін көрсетті.

Осыған орай, ізденуші Арымбеков Бекен Сағатбековичтің «Жалпы білім беретін орта мектепте физиканы оқытуда толықтырылған шынайылық технологиясының модельдерін әзірлеу және қолдану» тақырыбындағы диссертациясын «8D01501 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ф.-м.-ғ.к., қауымдастырылған профессор. Туреханова К.М.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ★ ҚАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ★ KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY ★ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ★ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ★ NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY» ★ ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ